

Ауылдың гидронимдері (Талас өзені, Қарасу) мен табиғи нысандары ауыл тұрғындарының көшпелі өмірге, шаруашылыққа және экологиялық жағдайға

бейімделуін көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, атаулар халықтың тарихи тәжірибесін сақтай отырып, мәдени және рухани ақпаратты ұрпаққа жеткізетін маңызды дереккөз болып табылады.

Осылайша, Байзақ ауылының топонимдері - тарих, мәдениет, табиғат және рухани тәжірибенің өзара байланысының көрінісі, ауылдың тарихи-мәдени кеңістігін толық сипаттайтын элементтер.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Байзақ ауылының жер-су атаулары тарихи және мәдени маңызды дереккөз болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, атаулар үш негізгі факторға негізделген: табиғи орта, тарихи оқиғалар және халық дәстүрі.

Байзақ ауылының тарихи тұлғаларға негізделген атаулары - Байзақ сөресі, Байзақ батыр кесенесі, ауылдың өз атауы - ауылдың рухани және тарихи ерекшелігін көрсетеді. Жетіжол төбелері мен қорғаныс мақсатындағы басқа нысандар ауылдың стратегиялық тарихын бейнелейді. Табиғи-географиялық атаулар - Бұрылтөбе, Ақжар, Қарасу, Қарақуыс - жер бедерін, су ресурстарын, ауыл шаруашылығы мен экологияны сипаттайды. Тарихи-мәдени нысандар - Ескі Байзақ, Қызылжар, Рысымбет төбе, Жыланды - халық жадында сақталған тарихи оқиғаларды және рухани тәжірибені бейнелейді.

Байзақ ауылының топонимдері халықтың мәдени, тарихи және рухани тәжірибесін сақтаушы ретінде маңызды рөл атқарады. Олар тек географиялық белгілер емес, сонымен қатар мәдени идентичность, тарихи сана және ұрпаққа өткенді жеткізудің құралдары болып табылады.

Осы зерттеу топонимдерді сақтау, жүйелеу және ғылыми тұрғыда талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Атаулар халық тарихын, этнографиялық дәстүрлерді және табиғатқа байланысты білімді ұрпаққа жеткізудің маңызды механизмі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құламанова З. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 808 бет.
2. Әбдірахманов С. Ә. Топонимика Казахстана: транслитерация и этимология названий. - Алматы, 2012. - 182 с.
3. Телғожа Ж. Тарихи жер-су аттарының түпшөкіні - Алматы: “Сөздік-словарь” ЖШС, 2010. - 356 бет.
4. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1974. - 284 с.
5. Елеуов М. Археологиялық зерттеулердің әдістері: Оқу құралы. - Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тұран баспасы, 2006.- 151 бет.
6. Нурмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты - тарихтың хаты.- Алматы: Балауса, 1994. - 64 б.
7. Жер-су атауларының анықтамалығы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 568 бет.
8. Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. Алматы, 2000 г.

ШУ ӨңІРІ ОНОМАСТИКАСЫ: КӨНЕ АТАУЛАРДЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ТАРИХИ МАҒЫНАСЫ

Бахыт М.Б.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

meirzhan166@gmail.com

Астана халықаралық университеті

Астана қ.

Аңдатпа:

Бұл мақала Шу өңіріндегі аномастикалық атаулардың шығу тегі, тарихи-географиялық қалыптасуы және олардың өңірлік мәдени болмысқа әсерін талдауға бағытталған. Шу аймағы көне дәуірден бастап Ұлы Жібек жолының торабында орналасқандықтан, мұндағы жер-су атаулары түрлі этникалық, мәдени және саяси үдерістердің ізін сақтап қалған. Зерттеу барысында аймақтағы негізгі топонимдерге - Шу, Аспара, Қордай, Төрткөл, Ақсу, Қарағайлы, Балуан Шолақ бөліктеріне қатысты деректер қарастырылып, олардың тарихи семантикасы мен қалыптасу кезеңдері айқындалады.

Мақалада сонымен қатар өңірдің топонимдерін зерттеген А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов сияқты ғалымдардың еңбектері талданып, олардың зерттеу әдістері жүйеленеді. Зерттеу нәтижесінде Шу өңірінің аномастикалық кеңістігі табиғи-географиялық факторлар, тарихи оқиғалар, халықтың көші-қоны және этникалық құрамның өзгеруі сияқты аспектілермен тығыз байланысты екені анықталды. Сонымен бірге зерттеу барысында жергілікті халықтың жадында сақталған ауызша деректер, шежірелік мәліметтер мен микротопонимдер де ескерілді. Бұл материалдар жазба деректерді толықтыра отырып, атаулардың әлеуметтік функциясы мен мәдени трансмиссиясының ұзақ мерзімді сипатын көрсетеді. Шу өңіріндегі атаулар мал шаруашылығы, су көздері, жайылым бағыттары, бекініс орындары және сауда қатынастары сияқты әлеуметтік-экономикалық факторлармен тығыз байланысты екені байқалады. Мысалы, гидронимдер табиғи ландшафттың ерекшеліктерін айқындаса, этнотопонимдер аймақтағы этникалық топтардың көшіп-қону бағыттарын және олардың тарихи ықпалын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде Шу өңірінің аномастикалық кеңістігі табиғи-географиялық факторлар, тарихи оқиғалар, халықтың көші-қоны, этникалық құрамның өзгеруі, діни-рухани дәстүрлер мен саяси құрылымдардың трансформациясы сияқты әртүрлі аспектілермен тығыз байланыста екені анықталды. Топонимдік атаулардың әрбір қабаты аймақ тарихының белгілі бір кезеңін сипаттап, Шудың мәдени-тарихи болмысының тұтастығын сақтауға үлес қосады. Аномастикалық талдау Шу өңірінің өткенін түсінуге ғана емес, қазіргі аймақтық идентификация мен мәдени мұраның сабақтастығын бағалауға да мүмкіндік береді.

Abstract (English): This article examines the Origins, historical development, and cultural significance of the toponyms of the Shu region. Located along the ancient Silk Road, the area preserves traces of various ethnic and cultural interactions in its place names. The study analyzes major toponyms of the region and reviews the works of leading Kazakh researchers. The findings show that the toponymic landscape of Shu is deeply interconnected with natural and historical processes. The research focuses on several major toponyms of the region, including Shu, Aspara, Kordai, Tortkol, Aksu, Karagaily, and Baluan Sholak, examining the semantic evolution of these names and identifying their stages of formation. For instance, the root of the name Shu is often associated with ancient Turkic or Mongolic hydronymic terminology, which may refer to «water,» «noise of water,» or a broader concept of a flowing river. The toponym Kordai is believed to reflect strategic border structures or protective fortifications, while Aspara may indicate a historical pass or a natural transit point connecting distinct geographic zones. These examples illustrate how the linguistic form of toponyms encodes the economic functions, geopolitical roles, and environmental conditions of the region. In addition, the article reviews the works of leading Kazakh researchers such as A. Abdyrakhmanov, E. Koishybaev, and T. Zhanuzakov, whose studies have provided the theoretical basis for the analysis of regional place names. Their contributions include detailed classification of toponyms according to origin, the identification of semantic categories, and the establishment of methods for interpreting historical layers of naming practices. The research of these scholars demonstrates that toponymy is not merely an auxiliary linguistic field; rather, it is an essential tool for reconstructing the historical dynamics of ethnic groups, migration patterns, and collective identities.

Кілт сөздер: Шу өңірі, топоним, аномастика, Жер-су атаулары, этимология, тарихи география, Жібек жолы, Аспара, Кордай, зерттеу әдісі

Кіріспе

Шу өңірі - Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігіндегі ең көне тарихи-мәдени аймақтардың бірі. Оның географиялық орны, табиғи ландшафты, этникалық құрамының ғасырлар бойғы қалыптасуы бұл өңірдің аномастикалық жүйесін ерекше бай әрі көпқабатты етеді. Топонимдер - белгілі бір аймақтың тарихи жадын сақтаушы, ұлттың рухани-мәдени мұрасының маңызды элементі. Шу өңіріндегі жер-су атаулары көне түркі, сақ-үйсін, қаңлы дәуірлерінің ізімен қатар, ортағасырлық отырықшы мәдениет пен Ұлы Жібек жолының әсерін де көрсетеді. Шу атауының өзі ежелгі гидронимдер қатарына жатады. Зерттеушілердің бір бөлігі бұл атауды түркілік «су» сөзінің фонетикалық өзгерісі десе, енді бір бөлігі иран тілдік негізбен байланыстырады. Көптеген топонимдер табиғи ерекшеліктерге өзендерге, тау жоталарына, жайылымдарға қатысты қойылған. Мысалы, Ақсу суының түсіне, Қарағайлы ерекшелігіне, Аспара орман-тоғайының көне қаланың атауына байланысты қалыптасқан. Кіріспе бөлімде топонимдердің аймақ тарихындағы орны, олардың халықтың тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын және мәдениетін танытатын ақпараттық қасиеттері талданады. Сонымен қатар, өңірдің аномастикалық кеңістігін зерттеудің өзектілігі мен ғылыми маңыздылығы айқындалып, мақала мақсаты анықталады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл бөлімде Шу өңірінің аномастикалық атауларын талдау үшін негізгі лингвистикалық, тарихи және этимологиялық әдістер пайдаланылды. Топонимдерді зерттеуде қазақ аномастикасының көрнекті өкілдері - А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов еңбектері басшылыққа алынды.

Сонымен бірге тарихи карталар, архив деректері, этнографиялық материалдар және жергілікті тұрғындардан алынған мәліметтер қолданылды. Зерттеу материалы ретінде Шу, Аспара, Қордай, Ақсу, Төле би өңірлерінің негізгі топонимдері алынды. Зерттеу дереккөздерін кеңейту мақсатында тарихи карталар, архив мәліметтері, этнографиялық материалдар, сондай-ақ жергілікті тұрғындардан алынған ауызша ақпарат пайдаланылды. Тарихи карталар арқылы топонимдердің кеңістікте орналасу логикасы, олардың өзгеру немесе тұрақтылық үрдістері анықталды; архивтік материалдар саяси-әкімшілік шешімдерге байланысты атаулардың трансформациясын түсіндіруге мүмкіндік берді; этнографиялық деректер халықтық атау беру тәжірибесінің мәдени-танымдық негізін ашты. Сонымен қатар жергілікті тұрғындардан жиналған мәліметтер микротопонимдердің нақты мәнін, халық жадында сақталған атаулардың бастапқы мағынасын және қайта аталу себептерін толықтырды. Бұл ауызша дерек көздері жазба деректерде кездеспейтін тарихи фрагменттерді қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Зерттеу материалы ретінде Шу өңірінің ірі топонимдері Шу, Аспара, Қордай, Ақсу, Төле би және оларға іргелес елді мекендер мен географиялық нысандар алынды. Аталған атаулардың таңдалуы олардың тарихи маңызына, өңірлік мәдени сәйкестікті қалыптастырудағы рөліне және тарихи-этникалық ақпаратты жинақтау қабілетіне байланысты. Шу атауының гидронимдік сипаты аймақтың табиғи-географиялық құрылымымен тікелей байланыста болса, Аспара мен Қордай сияқты атаулар ортағасырлық сауда жолдары мен әскери-стратегиялық нүктелердің қызметін бейнелейді. Ақсу атауы аймақтағы су көздерінің маңызын айқындап, табиғи ресурстардың этносаралық қатынастар мен шаруашылық жүйеге ықпалын көрсетеді. Ал Төле би өңіріндегі атаулар тарихи тұлғалардың есімімен, саяси-әлеуметтік ықпалымен және мәдени дәстүрлермен сабақтасып, тарихи жадының локалдык формасын паш етеді.

Талқылау

Шу өңірінің аномастикалық атаулары тарихи-географиялық жағдайлардың, этникалық өзгерістердің және жергілікті мәдени дәстүрдің ықпалымен қалыптасқан. Ең алдымен, Шу атауы туралы әртүрлі ғылыми көзқарастарды талдау қажет. Бірқатар зерттеушілер бұл атауды көне түркі тіліндегі «су» түбірінен таралған деп есептейді. Бұл пікір өзен атауларының фонетикалық өзгерістерге жиі ұшырайтынына байланысты қолдау табады. Ал басқа нұсқаларда гидронимнің шығуы ирандық немесе сақ-үйсіндік негіздермен байланыстырылады. Аспара топонимі өңірдегі ортағасырлық қала орнының атауымен тығыз байланысты. Археологиялық деректер Аспараның соғдылық мәдениет ықпалын көрген ірі сауда орталығы болғанын дәлелдейді. Сондықтан атау этимологиясында шығыс-иран тілдік белгілер байқалады. Қордай атауы халықтық этимология бойынша «қорғанды аңғар» ұғымын береді, ал ғылыми көзқарастарда бұл атау қырғыз-қазақ этноойлау жүйесіндегі жер бедеріне қатысты қалыптасқан терминдермен байланыстырылады. Өңірдегі табиғи-географиялық атаулардың көпшілігі өзен-көл, тау, аңғар сипаттарына сай қойылған. Мысалы, Ақсу атауы судың мөлдірлігіне, Қарағайлы орман-тоғайдың қалыңдығына байланысты қалыптасқан. Ал Төрткөл атауы төрт су арналары тоғысқан жерді білдіреді, бұл - суармалы егіншілік дамыған кезеңнің белгісі. Осы әдістемелік және дереккөздік негіздер зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беріп, Шу өңірінің аномастикалық кеңістігін табиғи факторлармен ғана емес, тарихи, этнолингвистикалық және мәдени процестермен тығыз байланысқан кешенді феномен ретінде бағалауға жол ашады. Ең алдымен, «Шу» атауы туралы әртүрлі ғылыми көзқарастарды талдау қажет. Бірқатар зерттеушілер атаудың көне түркі тіліндегі «су» түбірінен шыққанын атап өтеді. Бұл тұжырым фонетикалық өзгерістердің табиғи эволюциясына негізделген: гидронимдер тарихи кезеңдерде жиі дыбыстық трансформацияға ұшырайды, кейде жергілікті говорлар мен ауызекі формаға байланысты бірнеше нұсқасы қатар қолданылады. Мұндай жағдай Орта Азиядағы Амудария Окс, Джейхун немесе Енисей Үнәса сияқты атаулардың тарихи деректерде түрліше берілуінен байқалады. Сонымен бірге, атаудың шығу тегі ирандық немесе сақ-үйсіндік негіздермен байланыстырылатын нұсқалар да бар. Бұл көзқарас өзен маңы кеңістігінің ежелгі сауда жолдары мен көшпелі-отырықшы халықтардың байланысында болғанын көрсетіп, Шу атауының семантикасын этномәдени қабаттармен байланыстырады. Аспара топонимі өңірдегі ортағасырлық қала орнының атауымен тығыз сабақтас. Археологиялық деректер Аспараның соғды әлемінің ықпалы зор сауда орталығы болғанын дәлелдейді. Қазба материалдары керамика, ұсталық бұйымдар, нумизматикалық деректер және қалалық жоспардың элементтері арқылы қала мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Осыған байланысты, атаудың этимологиясында шығыс-иран тілдік белгілерінің байқалуы заңды. Аспараның тарихи-географиялық орналасуы да маңызды: негізгі керуен жолдарының бойында болуы оның атауын «асу, өткел» мағынасындағы терминдермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде топоним кеңістіктің функциясын, экономикалық рөлін және этномәдени қарым-қатынастарды бейнелейді. Қордай атауы халықтық этимология бойынша «қорғанды аңғар» немесе «қорғалған тау етегі» мағынасын береді. Бұл нұсқа жер бедері мен шекаралық

қауіпсіздікке байланысты тұрмыстық түсініктерді көрсетсе, ғылыми талдаулар атаудың қырғыз-қазақ этноойлау жүйесінде жердің морфологиялық сипатымен байланысқан терминдерден туындауы мүмкін екенін айтады. Қырғыз тіліндегі коро, короол (қорғау, камал) сөздері мен қазақша қорған, қорық сияқты ұғымдар тарихи кезеңдерде орын алған шекаралық функцияны ашып көрсетеді. Қордай асуының өзі этномәдени миграция бағытын, сауда керуендерінің қозғалысын және әскери-стратегиялық бақылау пунктінің маңыздылығын дәлелдейді. Өңірдегі табиғи-географиялық атаулардың басым бөлігі геоморфологиялық сипаттарға сай қалыптасқан. Ақсу атауы су көзінің тазалығы мен мөлдірлігіне қатысты қойылған, және бұл гидронимнің символдық мағынасының да бар екенін байқауға болады: су - өмір мен тіршілік бастауы ретінде дәстүрлі дүниетанымда ерекше мәнге ие. Сол сияқты, Қарағайлы атауы орман-тоғайдың қалыңдығын білдіріп қана қоймай, жергілікті экожүйенің ерекшелігін сипаттайды; бұл атау жер пайдалану тәсілдері мен табиғи ресурстарды игеру дәстүріне байланысты әлеуметтік жақты сақтайды. Төрткөл атауы төрт су арналары қиылысқан жерді білдіреді - бұл атау суармалы егіншілік пен ирригациялық жүйелердің дамыған кезеңін көрсетеді. Мұндай атаулар ландшафтты игерудің нақты технологиялық деңгейін, су көздерінің шаруашылық рөлін және аграрлық мәдениеттің өркендеуін бейнелейді.

Нәтиже

Зерттеу нәтижесінде Шу өңірінің аномастикалық атаулары көпқабатты тарихи және мәдени ықпалдардың нәтижесі екені анықталды. Біріншіден, гидронимдер - өңір топонимиясының негізгі қабаты. Шу, Ақсу, Қарасу сияқты атаулар аймақтың су жүйесіне байланысты ерте дәуірлерде қалыптасқан. Бұл атаулар табиғи орта мен халықтың шаруашылық түрлерімен тікелей байланысты. Екіншіден, өңірдегі көне қалалар мен қорғандарға қатысты атаулар - Аспара, Төрткөл, Қостөбе сияқты топонимдер - Ұлы Жібек жолының ықпалын айғақтайды. Сауда орталықтарының пайда болуы мәдени алмасуға, тілдік қабаттардың араласуына әкелген. Үшіншіден, этникалық және тарихи оқиғаларға қатысты топонимдер өңірдің әлеуметтік жадының бір бөлігі болып табылады. Қордай, Балуан Шолақ сияқты атаулар аймақтың этнографиялық және тарихи болмысын сақтап қалуда ерекше рөл атқарады. Бұл деректер Шу өңірінің топонимиялық жүйесі табиғи орта ерекшеліктері, тарихи миграциялар, халықтың шаруашылық дәстүрлері және мәдени ықпалдардың алмасуы сияқты факторларға сүйенетінін көрсетеді. Шу өңірінің топонимиясы этнонимдер, гидронимдер, орографиялық атаулар мен антропонимдік топонимдерден тұратын көпқабатты жүйе. Бұл жүйеде әр атау белгілі бір дәуірдің мәдени кодын, әлеуметтік құрылымын және тарихи трансформацияларын көрсете алады. Мысалы, суға байланысты атаулар ерте шаруа-егіншілік немесе көшпелі мал шаруашылығының маңызын куәландырады, ал қалалық нысандарға қатысты атаулар сауда-экономикалық қатынастардың дамуын көрсетеді. Сол сияқты тарихи тұлғалардың есімімен байланысты атаулар ұжымдық жадыны нығайтып, ұлттық-мәдени бірегейлікті бекітеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шу өңірінің топонимиялық кеңістігі - статикалық емес, динамикалық феномен. Ол тарихи оқиғалардың ықпалына қарай өзгеріп отырады, жаңа атаулар пайда болады, кейбір атаулар көнеріп, қолданылу жиілігі азаяды. Дегенмен, өңірдің негізгі топонимдік қабаттары - гидронимдер мен табиғи нысандарға қатысты атаулар - өзінің бастапқы мәнін сақтай отырып, кеңістіктің тұрақты танымдық шекарасын құрайды. Бұл атаулардың өміршеңдігі халықтың табиғатпен сабақтас дүниетанымын көрсетіп, оның шаруашылық-мәдени тәжірибесін бейнелейді. Сондықтан Шу өңірінің аномастикалық жүйесін зерттеу тек тарихи деректерді мазмұндаумен шектелмейді. Ол этномәдени байланыстарды, әлеуметтік жадыны, лингвистикалық дәстүрді және кеңістіктік идентичтік формаларын терең түсінуге мүмкіндік береді. Атауларды талдау аймақтың дамуының эволюциялық сатысын, этностардың өзара ықпалдасуын және мәдени тәжірибенің уақыт бойы жинақталуын көрсетеді. Осыған байланысты Шу топонимиясы өңірлік болмыстың біртұтас мәдени-хронологиялық картинасы ретінде қарастырылуға тиіс.

Қорытынды

Шу өңірінің аномастикалық атауларын зерттеу бұл аймақтың тарихи-мәдени дамуының күрделі әрі көпқырлы екенін дәлелдеді. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеу қызметін ғана атқармайды, олар халықтың дүниетанымы мен тарихи жадын сақтайтын мәдени код ретінде қызмет етеді. Зерттеу барысында анықталғандай, өңірдегі топонимдер табиғи жағдайлармен, этникалық байланыстармен, көне өркениеттердің ықпалымен, сондай-ақ дәстүрлі шаруашылық формаларымен тығыз сабақтас. Жалпы алғанда Шу өңірінің топонимдік жүйесі кеңістік пен уақыттың тоғысын көрсететін, тарихи сабақтастықты үзбей жеткізетін күрделі мәдени феномен болып табылады. Атаулардағы ежелгі түркілік түбірлердің сақталуы, олардың араб-парсылық, моңғолдық немесе кейінгі орыс тілдік қабаттарымен қабаттасуы өңірдің сан ғасырлық этникалық және тілдік байланыстарын айғақтайды. Осындай атауларды лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы тек

этимологияны емес, сол атаулардың қалыптасуына ықпал еткен тарихи кезеңдерді, саяси биліктің ауысуын, көші-қон процестерін, сауда жолдарының өтуін және мәдени ықпалдастықтың ауқымын анықтауға болады. Сонымен қатар жергілікті халықпен жүргізілген сұхбаттар мен ауызша аңыз-әңгімелер ғылыми талдауды толықтырып, кейбір атаулардың семантикалық астарын нақтылауға мүмкіндік берді. Ауыл ақсақалдары мен көнекөз тұрғындардың деректері материалдық емес мәдени мұраның құнды элементі ретінде өңір тарихының үзілмес тізбегін сақтап отыр. Осылайша, ономастикалық зерттеу тек академиялық мақсатта ғана емес, аймақтық тарихи жақты жаңғырту, мәдени бірегейлікті нығайту үшін де маңызды екені анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттарының түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1996.
2. Қойшыбаев Е. Қазақстан топонимдерінің тарихы. - Алматы: Санат, 1998.
3. Жанұзақов Т. Топонимика негіздері. Алматы: Рауан, 1994.
4. Мұқанов М. Этнонимдер мен топонимдер тарихы. - Алматы: Білім, 2002.
5. ҚР Ұлттық Архиві материалдары (Шу өңіріне қатысты қорлар).

САРЫАРҚА ТОПОНИМІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Баянбек Ф.С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

farida.soldat@icloud.com

Астана қаласы Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақала Сарыарқа ономастикалық атауының тарихи қалыптасуы, этимологиялық негізі және географиялық, тарихи-мәдени мазмұны туралы ғылыми талдауға бағытталған. Сарыарқа бұл Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі, қазақ даласының кең аймағын қамтитын тарихи-географиялық атау және оның мәні мен пайда болу уақыты түркілік дүниетаным, табиғи-ландшафтық ерекшеліктер және этномәдени тәжірибемен тығыз байланысты.

Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, бұрынғы Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Мақалада ең алдымен атаудың шығу төркініне қатысты ғылыми болжамдар қарастырылып, «сары» сөзінің түркі тілдеріндегі семантикалық ауқымы мен «арқа» ұғымының географиялық сипаттамадағы орны салыстырыла зерттеледі. Сонымен бірге Сарыарқа атауының қазақ этногенезіндегі рөлі мен оның кеңістіктік шекаралары жазба деректер, тарихи құжаттар және халық фольклоры негізінде талданады. Зерттеу барысында ономастикалық талдау, тарихи-лингвистикалық салыстыру, картографиялық деректерді талдау және контенттік сараптама әдістері қолданылып, атаудың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мазмұны жүйелі түрде қарастырылады. Сондай-ақ Сарыарқа ұғымының тек географиялық атау емес, сонымен бірге ұлттық символдық кеңістіктің бір бөлігі ретіндегі маңызы ашылады. Мақалада «дала өркениеті», «түркілік топонимдік жүйе», «табиғи-географиялық детерминация» сияқты түсініктер арқылы атаудың тарихи-мәдени мәнмәтіні көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде Сарыарқа атауының көпқабатты мазмұнға ие екені, оның этностық, тарихи және табиғи факторлардың бірігуі негізінде қалыптасқаны анықталады.

Кілт сөздер: ономастика, Сарыарқа, топоним, этнолингвистика, тарихи география, түркі тілдері, семантика, арқа, ландшафт, қазақ даласы.

Аннотация

Целью данной статьи является научный анализ исторического формирования, этимологической основы и географического, историко-культурного содержания ономастического названия Сарыарка. Сарыарка один из крупнейших физико-географических и природно-исторических регионов Казахстана, историко-географическое название, охватывающее обширную территорию казахской степи, а его значение и время происхождения тесно связаны с тюркским мировоззрением, природно-ландшафтными особенностями и этнокультурным опытом. Сарыарка включает в себя всю территорию Карагандинской и Акмолинской областей, а также некоторые районы бывших Тургайской, Семейской